

Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылаудың кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 325, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 386 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 8 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2471. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 11 маусымдағы N 255 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.06.11 N 255 бұйрығымен.

"Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулық (1-қосымша) ;

2) Олар бойынша мәмілелер мониторингке жататын тауарлар тізбесі (2-қосымша) бекітілсін.

2. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Әкімшіліктендіру және ірі салық төлеушілер мониторингі басқармасы (Б.Сейсекұлов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының орынбасары М.М. Әбдірахмановқа және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Кедендік кірістер департаментінің бастығы И.В.Тенге жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Салық комитетінің

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі

Төрағасының м.а.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 11 тамыздағы
№ 325 және
Қазақстан Республикасының
Кеден бақылауы агенттігі
Төрағасы м.а.
2003 жылғы 13 тамыздағы
№ 386 бірлескен бұйрығына
1 - қосымша
"Трансферттік бағалар
қолдану кезінде мемлекеттік
бақылаудың кейбір мәселелері"

**Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік
бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды
жүзеге асыру тәртібі жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық "Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген.

2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын түсініктер мыналарды білдіреді:

1) халықаралық іскерлік операциялар - тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатып алу-сату бойынша экспорттық және (немесе) импорттық мәмілелер;

2) мәмілеге қатысушы - халықаралық іскерлік операцияларды жүзеге айырушы заңды немесе жеке тұлға;

3) уәкілетті органдар - трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды Заңына сәйкес жүзеге асырушы (бұдан әрі - мемлекеттік бақылау) Қазақстан Республикасының салық қызметі органдары мен кеден органдары.

Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен салық органдары жатады.

Қазақстан Республикасы кеден органдарына Қазақстан Республикасының

Кеден бақылауы агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ кеден, кеден бекеттері, Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы бақылау-өткізу пункттері, мамандандырылған кедендік мекемелер жатады.

3. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін салық қызметі органдары мен кеден органдары трансферттік бағалар қолданылуы мүмкін мәмілелердің мониторингін (бұдан әрі - мәмілелердің мониторингі) жүргізеді.

4. Мәмілелер мониторингі - халықаралық іскерлік операцияларына қатысушылар қолданатын тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) бағалар үшін уәкілетті органдардың сыртқы бақылауының жүйеленген нысаны.

5. Мәмілелер мониторингі Қазақстан Республикасы кеден органдары, органдарының мәліметтері мен мәмілеге қатынасушылардың беретін мәліметтері негізінде жүргізіледі.

6. Уәкілетті орган мониторингке жататын мәмілелердің тауарлар Тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) белгіленген тауарлар бойынша мәмілелер мониторингін жүйеге асырады.

7. Заңның 3-бабы 2-тармағында белгіленген мәмілелер операциялары жоқ болған жағдайда Тізбеде белгіленбеген мәмілелер мен өзге де тауарлар, сондай-ақ жұмыстар мен қызмет көрсетулер мемлекеттік бақылауға жатады.

2. Уәкілетті органдардың өкілеті

8. Салық қызметі органдары мемлекеттік бақылаудың мынадай шараларын жүзеге асырады :

1) Тізбенің 1-9-тармақтарында көрсетілген тауарлар бойынша мәмілелер мониторингін жүргізу ;

2) Заңның 9-бабында көрсетілген ақпараттар көздері негізінде және мәмілеге қатысушы үшінші тұлғалар, осы операцияларға жанама қатысушы мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдар беретін көздерден қалыптастырылған тауарларға рыноктық бағалар бойынша ақпараттық базаны жүргізу;

3) салық салу объектілері мен салықтық міндеттемелерді түзетумен байланысты салықтар және басқа да міндетті төлемдер сомасын аудару және өндіріп алу.

9. Қазақстан Республикасының Кеден бақылауы агенттігі мынадай шараларды жүзеге асырады :

1) Тізбенің 10, 11-тармақтарында көрсетілген тауарлар бойынша мониторинг жүргізу ;

2) тауарлар бойынша кеден жүк декларацияларының электрондық база мәліметтерін жүргізу ;

3) Тізбесінде белгіленген тауарлар бойынша салық қызметі органдарына

м ә л і м е т т е р д і

б е р у ;

4) Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес салық салу объектілерін түзетумен байланысты кедендік төлемдер, салықтар мен өсімақылар сомасын есептеу және өндіріп алу.

10. Салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының кеден органдарын тартумен трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша тексеру жүргізеді.

3. Мәліметтерді беру

11. Қазақстан Республикасының Кеден бақылауы агенттігі: есептіден кейінгі айдың 25 күніне ай сайын осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне ақпарат береді;

басқа елдердің кеден қызметтерімен ақпаратты алмасу туралы қолданыстағы келісім-шарттар шегінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің сұрау салуы бойынша мемлекеттік бақылауды жүргізу үшін қажетті ақпаратты береді.

12. Уәкілетті органдар мәмілеге қатысушылар мен осы мәмілеге қатысушы үшінші тұлғалар, жанама қатысушы мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардан тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) рыноктық бағаларын айқындау үшін қажетті ақпаратқа сұрау салуға құқы бар.

13. Мәмілеге қатысушылар рыноктық бағаларын айқындау, бағаны айқындау әдісін таңдау және шын мәнінде тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) бағаларын қалыптастыруға әсер ететін шарттарды келісу мақсатында осы мәміле бағасын растайтын қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін және құжаттарды уәкілетті органдарға уақытында беруге құқығы бар. Уәкілетті органдар трансферттік баға құрау бойынша берген құжаттарды қарап болған соң мәмілеге қатысушыға бір ай ішінде рыноктықтан қолданылатын бағаның ауытқу фактісі бар (жоқ) екендігі туралы ресми хат жібереді.

4. Рыноктық бағаны айқындау әдісі

14. Уәкілетті органдар рыноктық бағаны айқындау үшін мынадай әдістерді қолдана алады:

- 1) бақыланбайтын бағаны салғастыру әдісі;
- 2) "залал қосылған" әдісі;
- 3) келесі сату бағасы әдісі.

15. Ақыланбайтын бағаны салғастыру әдісі ұқсас (олар болмаған кезде - біркелкі) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша мәмілелер тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тиісті рыногында болған кезде қолданылады және сатушыға байланысты емес сатып алушыға салғастыру шарттары кезінде сатылған ұқсас (олар болмаған кезде - біркелкі) тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бағасынан туындап рынок бағасын белгілейді. Осы әдісті қолдану кезінде тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) рыноктық бағасына тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) көліктік және осы көздерде аталған пункттерге дейін жеткізуге байланысты басқа да шығындарды ескеріп ресми ақпарат көздерінде жарияланған ұқсас (біркелкі) тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) бағасын пайдалануға болады. Бұл ретте, есеп айрысуды мынадай формула бойынша жүргізуге болады:

$$P_m = P_w - <|$$

мұндағы, P_m - рыноктық баға, P_w - ресми деп танылған ақпарат көздерінің бағасы, $<|$ - тасымалдауға және тауарларды сатып алушыға жеткізуге және сатуға байланысты басқа да шығындарға шығарылатын жиынтық құн болып табылатын шегерме ақы.

Мысал. "А" кәсіпорны Новороссийскінің ФОВ жеткізуші базисімен бірге Италияға шикі мұнайды сатуды жүзеге асырады. Нарық бағасын айқындау үшін ресми ақпарат көздеріндегі (мысалы, Platt's Global Alert) жариялымдар бойынша теңіз коносаментіне 5-7 күн қалғанға дейін Brent DTD орташа котировкасын алады. Тиісті кезең үшін орташа Brent DTD баррельіне 27,75 АҚШ долларын құрады. Егер мұнайдың сапасы мысалы, баррельіне 27,0 долларын құрайтын Urals MED-ке сәйкес болса, онда баррельі 0,75 долларлық сапасы бойынша шегерме ақыны ($27,75-27,0=0,75$) ескеру қажет. Бұдан әрі, тиісті кезең үшін Новороссийскіден Италияға дейін тасымалдау жөніндегі шегерме ақы аталған көздерден айқындалады. Мысалы, тасымалдау жөніндегі шегерме ақы 1,1 АҚШ долл./баррельге анықталған. Егер сауда агентінің (делдалдың) комиссияндығы 0,10-0,15 АҚШ долл./баррельге бағаланса, онда шегерме ақы мынадай болады:

$$<|=0,75+1,1+0,15=2,0 \text{ долл./баррель,}$$

с о н д а ,

$$P_m=27,75-2,0=25,75 \text{ долл./баррель.}$$

Рыноктық бағаларды белгілеу мүмкін емес елдерде (мысалы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатқан кезде, нарық бағасына импорттаушы елдердің әкелетін жүк кеден декларациясының мәліметтері бойынша алынады, болмаса, салғастырылған экономикалық жағдайларда осы рынокта мәмілеге өзге де қатысушылардың ұқсас (біркелкі) тауарларын (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сатуда орташа бағамен есеп айырысады.

Мысал. "А" кәсіпорны Х еліне данасы 10 АҚШ долларлық баға бойынша 100 дана өнім тиіп жібереді. Осы рынокқа жіберілімді сондай-ақ "В" кәсіпорны данасы 13 АҚШ долларлық баға бойынша 200 дана және "С" данасы 17 АҚШ долларлық баға бойынша 100 данада жасады. Орташа бағамен есеп айырысу былай жүргізіледі $P_{cp} = E_{pq}/E_q = (10 \times 100 + 13 \times 200 + 17 \times 100) / (100 + 200 + 100) = 13,25$ АҚШ долл./дана. "А" компаниясының кірісі $13,25 \times 100 - 10 \times 100 = 325$ АҚШ долл. түзетіледі.

16. Рынокта ұқсас (біркелкі) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша мәмілелер болмағандықтан, сондай-ақ тиісті ақпарат көздері болмағандықтан тиісті бағаларды айқындау мүмкін болмаған кезде, келесі сату тәсілі немесе "залал қосылған" тәсілі қолданылады. "Залал қосылған" тәсілінің бағасы жеткізушінің сатуға қосымша бағалауды қосуға байланысты залалдарының, өнімдерін (қызмет көрсетулерін) бергені үшін жүргізілген сомасы ретінде айқындалады. Шығындар нақты және сандық айқындалатын деректер негізінде құжатпен расталуы керек. Әкетілетін тауарлардың құны мәмілеге қатысушы табыс еткен, оның әкетілетін тауарларын (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) өндіруге және сатуға шығарған шығындарын және қызметтің осы саласында қалыптасқан орташа рентабельділік нормасын қамтамасыз ететін пайданың (үстеме бағаның) мөлшерін көрсететін бухгалтерлік есептің деректеріне қарай айқындалады.

Мысал: "А" компаниясы тоннасы үшін 50 АҚШ доллары бағасы бойынша "А" компаниясымен байланысты және Ресей Федерациясында орналасқан "Б" зауытына 20,000 тонна шикізат сатты. Осы шикізатты Қазақстанда тек "А" компаниясы шығарады, ал Ресейде ешкім шығармайды. Алайда, бар ақпарат бойынша біртекті шикізат шығаратын "С" түрік компаниясының жалпы табысы осы өнімді тұтыну рыногына байланысты 20-дан 30 процент құрайды. Осы шикізатты сату (тоннасы үшін 45 АҚШ долларында) және шығару бойынша "А" компаниясының шығыстары және 25 процент көлемінде рентабельділік ескеріліп, оның кірісі сомаға $(45 \times 1.25 - 50) \times 20,000 = 125,000$ АҚШ.долл түзетіледі.

5. Рыноктық бағадан бағаның ауытқу фактісі белгіленген жағдайларда салық салу объектілерін және салық міндеттемелерін түзету

17. Рыноктық бағадан мәміле бағасының ауытқу фактісі белгіленген кезде салық қызметі органдары салық салу объектілерін және салық міндеттемелерін түзетеді (бұдан әрі - түзету).

Түзету негізінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес егер осы мәмілелер мен басқа да салық салу объектілерінен кірістер немесе шығыстар айыппұлдар мен өсімдерді қоса рыноктық бағадан ескеріп айқындалса, осындай

жолмен есептелген заңды тұлғалардың табыс салығы, қосылған құн салығы, акциз (акцизделген тауарлармен мәмілелер жағдайында), жер қойнауын пайдаланушыларда роялти және үстеме пайдаға салық, кеден төлемдерін аудару жүргізіледі.

18. Қазақстан Республикасының кеден органдары кедендік құнды түзету негізінде кеден төлемдері мен салықтарын, өсімақыларды есептеу жүргізіледі.

19. Рыноктық бағадан мәміле бағасының ауытқу есебі мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Ауытқу проценті} = (P_m - P_k) / x \cdot 100\% / P_m,$$

мұндағы P_m - рыноктық баға, P_k - мәмілені жасау кезінде қолданылатын баға.

20. Түзету мәмілеге қатысушының нақты кірісі және (немесе) шығысы мен есептік кіріс және (немесе) шығыс арасындағы айырма сомаға жүргізіледі. Есептік кіріс және (немесе) шығыс салыстырмалы экономикалық (коммерциялық) жағдайларда айқындалған тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) бірлігі үшін рыноктық бағадан және заттай көріністегі нақты мәміле көлемін көбейту жолымен айқындалады.

1-мысал. А тауары 100 бірлік сандағы бірлік үшін 100 АҚШ доллары бағасы бойынша экспортқа сатылған. Қаралатын кезеңде ұқсас (біртекті) тауарға рыноктық баға 150 АҚШ долларын құрады. Рыноктық бағадан ауытқу $((150-100)/100) \times 100\% = 50\%$ құрайды. Кірісті түзету $150 \times 100 - 100 \times 100 = 5\,000$ АҚШ доллары сомасына жүргізіледі.

2-мысал. Новороссийск портындағы бидайды ауыстырып тиеу бойынша орташа өлшенген шығындар бидайдың тоннасына 5 АҚШ долларын құрады. Сол уақыт кезеңіндегі А компаниясының сол порттағы 18 000 мың тонна бидайды ауыстырып тиеуге шыққан шығыны 144 мың АҚШ долларын немесе бидайдың әр тоннасына 8 АҚШ долларын құрады. Шығындардағы ауытқулар $((8-5)/5) \times 100\% = 60\%$ құрады. А компаниясындағы шығындарды түзету $(8-5) \times 18\,000 = 54\,000$ АҚШ доллары сомасына жүргізіледі.

21. Егер мәмілеге қатысушылар халықаралық іскерлік операцияларға байланысты шығындардың дұрыстығын дәлелдеген жағдайда, қызмет көрсетулерге (жұмыстарға) шыққан шығындарды түзету жүргізілмейді.

Мысал. А компаниясы тоннасы 30 АҚШ долларын құрайтын 10 000 тонна бидайды 1 бағыт бойынша рынокқа дейін тасымалдауға шығындар төледі. А компаниясының осы жүкті сақтандыру жөніндегі шығыны 10 000 АҚШ долларын немесе бидайдың әр тоннасына 1 АҚШ долларын құрады. Б компаниясының осы көлемдегі бидайды рынокқа дейін тасымалдауы, бірақ басқа 2 бағыт бойынша бидайдың әр тоннасына 20 АҚШ долларын құрады, ал жүкті сақтандыру 13 000 АҚШ долларына немесе әр тоннасына 1,3 АҚШ долларына шықты. Б компаниясының жиынтық шығындары А компаниясының жиынтық

шығындарынан тоннасына (31-21,3=9,7) 9,7 АҚШ долларына кем болғандықтан сақтандыру жөніндегі Б компаниясының шығындары түзетілмейді.

22. Бағалардың ауытқу көлемін айқындау кезінде рыноктық бағалардың мәмілелерін уәкілетті органдар мынадай шарттарды ескереді:

1) жеткізілетін тауарлардың (мысалы, тауар тобының көлемі), орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны;

2) жеткізілетін және сатып алынатын тауарлардың сапасы, орамасының, ыңғайлы қалыптасуының болуы немесе болмауы;

3) міндеттемелерді орындау мерзімдері;

4) мәмілелердің осы түрін қолдауға қолданылатын кәдімгі төлем шарттары, сондай-ақ бағаларға әсер етуі мүмкін өзге де шарттар;

5) өзара бағынысты емес тұлғалар арасында мәміле жасау кезінде қолданылатын бағадан немесе үстеме бағадан алынатын кәдімгі шегерімдер.

К ө б і н е с е , м ы н а л а р ғ а :

тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) тұтынушы сұраныстарының мезгілдік ауытқуларға;

тауарлардың сапасын және өзге де тұтынушылық қасиеттерін жоғалтуына; тауарлар сапасының және өзге де тұтынушылық қасиеттерінің жоғалтуын ішінара жақсарту немесе қалпына келтіруге;

тауарлардың жарамдылық немесе сату мерзімдерінің аяқталуына (аяқталу күнінің жақындауына);

ұқсас емес жаңа тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) рынокқа жылжыту кезінде, сондай-ақ тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жаңа рынокқа жылжыту кезінде маркетингтік саясатқа;

оларды тұтынушылармен таныстыру мақсатында тауарлардың тәжірибелі модельдері мен үлгілерін сатуға байланысты шегерімдер мен үстемелер ескеріледі.

Мысал. Мұнай компаниясы құбыр желісі бойынша экспортқа 100 мың баррель көлемінде мұнай жеткізілімін жүргізді. Компания осы мәміледен барреліне 20 АҚШ долларын немесе 2 млн. АҚШ доллары көлемінде жалпы кіріс алды. Осы құбыр желісі бойынша жеткізілетін мұнайдың рыноктық бағасы осы кезеңде ресми ақпараттық көздерге сәйкес барреліне 25 АҚШ долларын құрады. Демек, компанияның жалпы есептік кірісі 2,5 млн. АҚШ долларын құрайтын еді. Бағаның рынок бағасынан ауытқуы 20% құрады. Дегенмен, компанияның және құзыретті органдардың берген қосымша мәліметтері ауытқудың осы мәмілені қолданып төлеген шартқа байланысты болғанын көрсетті. Осы компания осы құбыр желісіне компания айдаған тығыздығы мен күкірті бар мұнайды ескеріп

мұнайдың соңғы бағасы айқындалатын осы құбыр желісіндегі мұнай сапасындағы Банк жүйесіне қатысушы болып табылған болатын. Осы жағдай рынок бағасынан ауытқу деңгейін айқындау кезінде есепке алынады.

6. Мәмілеге қатысушылар мен уәкілетті органдар арасындағы өзара қарым-қатынасы

23. Мәмілелер мониторингінің нәтижелері бойынша уәкілетті органдар мәміле бағасының тауардың рыноктық бағасынан ауытқуы мәселелері бойынша тексеру (бұдан әрі - тексеру) жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі берген мәмілелер және мәліметтер мониторингінің деректері бойынша трансферттік бағаларды қолданумен байланысты мәселелерді салық тексеруіне қосу қажеттілігін айқындайды.

24. Мәміле бағасының рыноктық бағалардан ауытқуы фактісін белгілеген тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органдар салық салу объектілерін түзетеді.

25. Қажет жағдайда салық қызметі органы мәмілеге қатысушыға қаралатын мәмілеге қатысы бар бастапқы құжаттарды (үшінші тұлғалармен келісім-шарттар және төлеу-есеп айырысу құжаттары, тараптардың құрылтайшы құжаттары, делдалдық, брокерлік қызметі үшін шоттар, бухгалтерлік құжаттар, коносаменттер және басқа да қажетті құжаттар) беру туралы оларды беру мерзімін көрсете отырып ресми хат жібереді.

26. Егер мәміленің шығындары және өзге де шарттары құжатпен расталған және қолданылатын бағаларды негіздеген жағдайда, кірісті түзету кезінде осы мәміле бойынша берілген фактілер ескеріледі.

27. Қаралатын мәмілеге қатысы бар ақпараттар негізделмеген, расталмаған немесе берілмеген жағдайда, уәкілетті органдар сату бойынша мұндай шығыстарды есепке алмай-ақ кірісті түзетуді жүргізеді.

28. Мәмілелерді жасау кезінде қолданылатын бағаларға бақылау жасау уәкілетті органдардың Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарын сақтау мәселелері бойынша тексерулер жүргізуі кезінде де жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар тиісті тексерудің нәтижелері бойынша мәмілеге қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағаларды қолданудың дұрыстығына тексеру актісін жасайды және акт бойынша Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарына сәйкес салық және басқа да міндетті төлемдердің, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелген сомалары туралы хабарлама жібереді.

29. Есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын, айыппұлдар мен өсімпұлдарды өндіріп алу, тексеру нәтижелерін шағымдану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Салық комитеті Төрағасының

2003 жылғы 11 тамыздағы

№ 325 және

Қазақстан Республикасының

Кеден бақылауы агенттігі

Төрағасы м.а.

2003 жылғы 13 тамыздағы

№ 386 бірлескен бұйрығымен

бекітілген

Халықаралық іскерлік

операцияларда трансферттік

бағалар қолдану кезінде

мемлекеттік бақылауды жүзеге

асыру тәртібі туралы

нұсқаулыққа қосымша

"Трансферттік бағалар қолдану

кезінде мемлекеттік бақылаудың

кейбір мәселелері"

Кеден органының атауы	ЖКД нөмірі	ЖКД шығырыл. ған күні	келісім- шарт ұстаушы	КҰЖЖ коды	СТН 	келісім- шарттың нөмірі	Жіберуші. нің атауы және күні
-----------------------------	----------------	------------------------------	-----------------------------	---------------	---------	-------------------------------	--

1

2

3

4

5

6

7

8

кестенің

жалғасы

Сатып алушы. ның атауы	Алушы. ның атауы	Жеткізу шарты	Нысаналы пункт	Сауда. ласушы ел	Ныса. ел	ЖКД-дан налы ды	СЭҚ тауар. тауар.	ТН бойынша	Шот факту. раның, коноса. менттің нөмірі
---------------------------------	-------------------------	-------------------	--------------------	--------------------------	--------------	-------------------------	---------------------------	----------------	--

								және
								күні
9	10	11	12	13	14	15	16	17

к е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Кеден.	Көлік	Тауар.	Тауардың	Кедендік	Ста.	Дол.	Келі.	Келісім-
дік	түрі	дың	фактура.	құны	тис.	лар	сім-	шарт
режим		көлемі	лық құны	(келісім-	тика.	ба.	шарт	валютасы.
		(нетто,	(келісім-	шарт	лық	ғамы	валю.	ның
		кг)	шарт	валюта.	құны	тасы	бағамы	
			валюта.	сында)	(АҚШ			
			сында)		долл.)			
18	19	20	21	22	23	24	25	26

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Салық комитеті Төрағасының

2003 жылғы 11 тамыздағы

№ 325 және

Қазақстан Республикасының

Кеден бақылауы агенттігі

Төрағасының

2003 жылғы 13 тамыздағы

№ 386 бірлескен бұйрығына

2 - қосымша

"Трансферттік бағалар қолдану

кезінде мемлекеттік бақылаудың

кейбір мәселелері"

**Мониторингке жататын мәмілелер бойынша
тауарлардың тізбесі**

№	Тауарлар	Тауарлардың атауы	СЭҚ ТН коды
1	Мұнай және мұнай	Шикі мұнай	270900

	өнімдері	Газ конденсаты	270900100
	Бензин	271000270-271000360	
		Дизель отыны	271000610, 271000650,
		271000690	
	Мазут	271000710-271000830	
2	Мұнай газдары	Сығылған газ	2711
		Табиғи газ	271121000
3		Түрлі - түсті	
	металдар	Мыс	7402-7405, 7408,7409,
			7 4 1 3
		Қорғасын	7801, 7804
		Мырыш	7901
		Бериллий, хром,	
		галлий, Рений	8112
		Тантал	8103
		Магний	8104
	Титан	8108	
4	Қара металдар	Қара металдар	7206-7212, 7214,
			7302, 7304
	Феррокорытпалар	7202	
5	Қымбат металдар	Алтын, күміс	7108, 7106
6		Кен	және
	концентраттар	Темір	2601
		Марганец	260200000
		Хром	261000000
		Қорғасын	260700000
		Мырыш	260800000
	Мыс	260300000	
7		Неорганикалық	
	химия өнімдері	Алюминий оксиді	
	(алюминий тотығы)	281820000	
		Хромның оксидтері	
	мен су оксидтері	2819	
	Уран	2844	
8	Астық дақылдары	Бидай және машақ	1001
9	Мақта	Таралмаған мақта	
	талшығы	520100	
10		Автокөлік	
	құралдары	Автокөлік құралдары	870210119,

8 7 0 2 9 0 3 1 9 ,
8 7 0 2 1 0 1 9 9 ,
8 7 0 2 1 0 9 9 9 ,
8 7 0 2 9 0 1 9 9 ,
8 7 0 2 9 0 3 9 9 ,
8 7 0 2 9 0 9 0 9 ,
8 7 0 3 2 1 1 0 9 ,
8 7 0 3 2 2 1 9 9 ,
8 7 0 3 2 3 1 9 1 ,
8 7 0 2 2 3 1 9 2 ,
8 7 0 3 2 4 1 0 9 ,
8 7 0 3 3 1 1 0 9 ,
8 7 0 3 3 2 1 9 9 ,
8 7 0 3 3 3 1 9 9 ,
8 7 0 3 2 1 9 0 9 ,
8 7 0 3 2 2 9 0 9 ,
8 7 0 3 2 3 9 0 1 ,
8 7 0 3 2 3 9 0 2 ,
8 7 0 3 2 4 9 0 9 ,
8 7 0 3 3 1 9 0 9 ,
8 7 0 3 3 2 9 0 9 ,
8 7 0 3 3 3 9 0 9 ,

870390909

1 1 Қ а н т

Қ а н т

1 7 0 1

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 11 тамыздағы
N 325 және
Қазақстан Республикасының
Кеден бақылауы агенттігі
Төрағасының
2003 жылғы 13 тамыздағы
N 386 бірлескен бұйрығына
3 - қосымша
"Трансферттік бағалар
қолдану кезінде мемлекеттік
бақылаудың кейбір мәселелері"

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Мониторингке жататын мәмілелер бойынша тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) Тізбесін бекіту туралы" Қазақстан республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 22 ақпандағы N 206 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 наурызда N 1437 тіркелген) ;

2. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 22 ақпандағы N 206 "Мониторингке жататын мәмілелер бойынша тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) Тізбесін бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 сәуірдегі N 505 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 мамырда N 1525 тіркелген);

3. "Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 14 мамырдағы N 590 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 4 маусымда N 1528 тіркелген);

4. "Мониторингке жататын мәмілелер бойынша тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) Тізбесін бекіту туралы" Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 22 ақпандағы N 206 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 398 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 сәуірде N 1828 тіркелген).